

Бекітемін

ЖШС «Шалхар-Ата» балабақшасы

Менгерушісі:  А.Медетова



«Армысың әз Наурыз!»

«Қошақан»

Ересек тобы

Тәрбиешілер: А.Дауренова

2022-2023ж

Армысың әз Наурыз!

Армысыздар құрметті қонақтар! Баршамыздың асыға күткен Наурыз тойы келіп жетті. Наурыз-«Жаңа күн» деген сөз. Бұл күн біздің ата-бабаларымыз ежелден тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Ұлыстың ұлы күні Наурызда денсаулықтарыңыз мықты болсын, мұрат асыл, тілектеріңіз қабыл болсын! Наурыз той құтты болсын!

«Шалхар-Ата» балабақшасының «Қошақан» тобының «Армысың әз Наурыз» мерекесіне дайындаған концерттік бағдарламасына қош келдіңіздер.

Жүргізіуші: Ұлыс оң болсын. Ақ мол болсын!

Қайда барсаң, жол болсын

Төрт түлік ақты болсын,

Ұлыс береке берсін

Бәле жәле жерге енсін.

Құрметті қонақтар Бүгінгі «Армысың әз-Наурыз» атты мерекелік кешіміз өздеріңізге арналады!

Ән: «Наурыз тойы»

Тәрбиеші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз қабыл алыңыздар.

Тақпақтар:

Азамат: Наурыз келді тамаша

Ән айтамыз таласа

Атам, әжем той тойлап

Қуанып жүр балаша

Би билиміз тамаша!

Алинур: Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән саламыз бәріміз

Би билиміз бәріміз

Аяла: Уа, халайық, халайық!

Әсем әнге салайық

Наурыз тойын көңілді

Бірге қарсы алайық.

Би: Қыздарымыздың орындауында «Какалин биі»

Нұрхан: Той думанға келіңіз,

Тамашалап көріңіз.

Ән айтайық бәріміз,

Қол соғайық бәріміз.

Дениз: Наурыз келді алақай,

Кел билейік балақай.

Бізде қарап қалмайық,

Тойға шашу шашайық.

Айсана: Осыншама жақсылық,

Алып келген Наурызым.

Төрлет бізге нұр беріп,

Шуақ шашып ақ жүзің.

Би: Балдарымыздың биін тамашалаңыздар «Қара жорға»

Ж.Алинұр: Күттіріп келген жыл басы,

Бізбен бірге жырлашы.

Дастарханға елімнің,

Береке ырыс сыйлашы.

Айлин: Ой халайық, халайық,

Әсем әнге салайық.

Наурыз тойын көңілді,

Бірге қарсы алайық.

Ернұр: Наурызды халқымыз,

Жыл басы деп санайды.

Кемелденген салтымыз,

Көп елдерге тарайды.

Би: Кішкентай бүлдіршіндеріміздің дайындаған «Шашбау»биін
қабыл алыңыздар.

Айкөркем: Ашылды да кебеже

Дәм әзірлеу басталды

Әжем наурыз көжеге

Жеті түрлі ас салды.

Жүргізуші: Жаңғыртқан дәстүрімізді рахмет елім,

Тербетсін шаттық әні қазақ жерін

Той бастаған қадамың құтты болсын,

Дәстүрің тамыр алып, өркен жайсын

Қош болыңыз, Наурызым ардақты халқым.

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Наурыз береке-бірлік әкелсін!

Осымен «Армысың әз Наурыз» атты мерекелік іс-шарамыз аяқталды көріп
көңіл бөлгендеріңізге рахмет қош сау болыңыздар!

